

# "ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

---

---

"Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ  
Басқармасының 1999 жылдың  
01 қыркүйегіндегі шешімімен

**Б е к т і л д і**

1999 жылдың 01 қыркүйегінен бастап

**Қолданысқа енгізілді**

## Есеп айырысу палатасы жұмысының **ЕРЕЖЕЛЕРІ**

---

---

Алматы қ.

1999

## ТУЗЕТУЛЕР ПАРАҒЫ

1. "Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесі шешімімен (2004 жылдың 15 қаңтарындағы №1(з) хаттама) биржаның барлық ішкі құжаттарында "Қазақстан қор биржасы" жабық акционерлік қоғамы" деген сөздер "Қазақстан қор биржасы" акционерлік қоғамы" деген сөздерге тиісті септіктерде ауыстырылды және "Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ" қысқартылған атауы "Қазақстан қор биржасы" АҚ" деп ауыстырылды.
2. **№ 1 өзгертулер**
  - "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының 2005 жылдың 03 қаңтарындағы № 15/0 шешімімен бекітілді;
  - 2005 жылдың 01 ақпанынан бастап қолданысқа енгізілді.
3. **№ 2 өзгерту**
  - "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының 2008 жылдың 25 қаңтарындағы № 13/4 шешімімен бекітілді;
  - 2008 жылдың 28 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізілді.
4. **№ 3 өзгерту**
  - "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының 2010 жылдың 14 қаңтарындағы № 14 шешімімен бекітілді;
  - 2010 жылдың 13 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізілді.
5. **№ 4 толықтырулар мен өзгертулер**
  - "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының 2010 жылдың 29 қыркүйегіндегі № 334 шешімімен бекітілді;
  - 2010 жылдың 04 қазанынан бастап қолданысқа енгізілді.

Осы Ережелерде қолданылған ұғымдар келесіні білдіреді:

**"Банктік шот"** – сауда-саттық қатысушысы алдындағы міндеттемелерін төлеу үшін Биржадан түсетін қазақстандық теңге мен шетел валютасын аударуға қолданылатын, сауда-саттық қатысушысының Қазақстан Республикасы Ұлттық банкіндегі, банктегі немесе банктік емес қаржы ұйымындағы шоты, аталмыш шоттың тиісті түрде рәсімделген деректемелері Биржаға ұсынылады;

**"Биржа"** – "Қазақстан қор биржасы" акционерлік қоғамы (*осы абзац Биржалық кеңестің 2004 жылдың 15 қаңтарындағы шешімімен өзгертілді*);

**"Ішкі құжаттар"** – биржалық сауда-саттыққа қатысу, оның қорытындысы бойынша есептесулер мәселелеріне қатысты Биржа және оның мүшелері арасындағы қарым-қатынасты, сондай-ақ биржалық сауда-саттықты ұйымдастыру және өткізу бойынша Биржа қызметіне байланысты өзге қарым-қатынастарды реттейтін Биржаның ішкі ережелері және өзге де құжаттары;

**"Ұлттық банкі"** – Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі;

(*Осы абзац Биржа Басқармасының 2008 жылдың 25 қаңтарындағы шешімімен алынып тасталды*);

**"Есеп айырысу палатасы"** – Биржалық сауда-саттық қорытындылары бойынша есептесулерге қатысты Биржа атынан барлық әрекеттерді орындайтын Биржаның құрылымдық бөлімшесі;

**"Растау жүйесін пайдаланушы"** – Биржа Растау жүйесінің қатысушысы ретінде тіркеген және аталмыш жүйеге қосылған ұйым;

**"Растау жүйесі"** – Биржаның бағдарламалық-техникалық кешені, осы бағдарлама арқылы оған қосылған ұйымдар үшін өздерінің "депо" шоттары бойынша жасалған мәмілелердің егжей-тегжейі жайында хабарламалар қалыптастырылады және мұндай мәмілелерді растау мен оларды растаудан бас тартулар қабылданады;

**"Трейдерлер тізімі"** – Биржадағы мүшелік туралы Ереженің 1 Қосымшасы;

**"Трейдер"** – Биржа мүшесінің атынан биржалық сауда-саттыққа қатысуға өкілденген жеке тұлға – Биржа мүшесінің уәкілі;

**"Сауда шоты"** – сауда-саттық қатысушысы сатып алатын және сататын қаржы құралдарын есептеу үшін қолданылатын сауда-саттық қатысушысының шоты;

**"Сауда жүйесі"** – Биржадағы айналысқа жіберілген қаржы құралдарының сауда-саттығын жүзеге асыратын Биржаның бағдарламалық-техникалық кешені;

**"Сауда-саттық қатысушылары, қатысушылар"** – шетел валюталарының биржалық сауда-саттығына қатысуға жіберілген валюталық нарық мүшелері (*осы абзац Биржа Басқармасының 2010 жылдың 14 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген*).

## I бөлім. АҚША ШОТТАРЫ

### 1 бап. Ағымдағы шоттар

1. Сауда-саттық қатысушыларына тиесілі Биржаның корреспонденттік шоттарындағы ақшаны есептеу мақсатында сауда-саттық қатысушыларына теңге мен шетел валютасында ағымдағы шоттар ашылады.
2. Сауда-саттық қатысушысының Биржаға ұсынған трейдерлер тізімінің және сауда-саттық қатысушының қол қою үлгісі мен мөрдің баспа таңбасы бар нотариуспен расталған құжаттың негізінде Биржада сауда-саттық қатысушысының ағымдағы шотын ашу жүзеге асырылады.
3. Сауда-саттық қатысушысының өзінің нетто-міндеттемелерін төлеу үшін Биржаның корреспонденттік шоттарына аударған қазақстандық теңгедегі және шетел валютасындағы сомалар аталмыш Биржадағы сауда-саттық қатысушысының ағымдағы шотына аударылады.

4. Жыл сайын, он бесінші қаңтардан кешіктірмей, сауда-саттыққа қатысушылары және Биржа арасында, сауда-саттыққа қатысушыларының ағымдағы есеп-шоттарында жиналған ақша қалдықтарының салыстырып тексеруі жасалады.

Сауда-саттыққа қатысушыларының есеп-шоттарындағы ақша қалдықтарының салыстырып тексеруі жазбаша түрде, Салыстырып тексеру Актісіне сәйкес, осы Ережелердің 1 қосымшасында берілген нысан бойынша жасалады.

*(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2010 жылдың 29 қыркүйегіндегі шешімімен енгізілген).*

## **2 бап.**

### **Қосалқы шот**

1. Түрлі қаржы құралдары бойынша Биржа мен сауда-саттық қатысушыларының өзара міндеттемелерін есептеу мақсатында сауда-саттық қатысушысының ішкі ағымдағы шоттарында қосалқы шоттар ашылады.
2. Сауда-саттық қатысушыларының ағымдағы шотына түсетін қазақстандық теңге мен шетел валютасын жеке қосалқы шоттары арасында бөлуді Биржа дербес түрде жүзеге асырады.

## **3 бап.**

### **Қосалқы шоттары арасында ақшаны қайта бөлу**

1. Сауда-саттық қатысушысы жеке қосалқы шоттары арасында ақшаны қайта бөлу туралы Биржаға өкім беруге құқылы.

Сауда-саттыққа қатысушысы Биржаға осы Ережелердің 2 қосымшасында берілген нысан бойынша жеке қосалқы шоттар арасында ақшаларды бөлу туралы өкімін береді *(осы абзац Биржа Басқармасының 2010 жылдың 29 қыркүйегіндегі шешімімен енгізілді).*

2. Жеке қосалқы шоттардың арасында ақшаны қайта бөлу туралы өкім:
  - кемінде екі тұлғаның қолы қойылған және қол қою үлгісі мен мөр баспа таңбасы бар Биржаның құжатына сәйкес сауда-саттық қатысушысының мөрімен бекітілген хат немесе көшірме хабарлама арқылы;
  - сауда-саттық қатысушысы трейдерінің жазбаша өтініші арқылы, оның мұндай өтініштерді трейдерлер тізіміне сәйкес беруге уәкілетті шартымен рәсімделуі мүмкін.
3. Жеке қосалқы шоттарының арасындағы ақшаны бөлу туралы өкім Сауда-саттық қатысушысының Биржа алдындағы міндеттемелерінен тыс көлемде орындалуы тиіс.
4. Жеке қосалқы шоттарының арасындағы ақшаны бөлу туралы өкім Биржаның Есеп айырысу палатасы директорының немесе оның орынбасарының жазбаша рұқсаты болған жағдайда ғана орындалуы тиіс *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2010 жылдың 29 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген).*

## **4 бап.**

### **Биржада ағымдағы шоттағы ақшаны сақтау**

1. Сауда-саттық қатысушысы Биржада ағымдағы шотта ақшасының сақталуы туралы өкімді беру арқылы Биржадан өзіне тиесілі ақшаны уақытында алудан бас тартуға құқылы.

Сауда-саттыққа қатысушысы Биржаға, осы Ережелердің 3 қосымшасында берілген нысан бойынша, ағымдағы есеп-шотындағы ақшаларды сақтау туралы өкімін береді *(осы абзац Биржа Басқармасының 2010 жылдың 29 қыркүйегіндегі шешімімен енгізілген).*

2. Сауда-саттық қатысушысына тиесілі ақшаның оның Биржадағы ағымдағы шотында сақталуы туралы өкім:
  - кемінде екі тұлғаның қолы қойылған және қол қою үлгісі мен мөр баспа таңбасы бар Биржаның құжатына сәйкес сауда-саттық қатысушысының мөрімен бекітілген хат немесе көшірме хабарлама арқылы;
  - сауда-саттық қатысушысы трейдерінің жазбаша өтініші арқылы, оның мұндай өтініштерді трейдерлер тізіміне сәйкес беруге уәкілетті шартымен рәсімделуі мүмкін.
3. Сауда-саттық қатысушысына тиесілі ақшаның оның Биржадағы ағымдағы шотында сақталуы туралы өкім Биржаның Есеп айырысу палатасы директорының немесе оның орынбасарының жазбаша рұқсатымен ғана орындалуы тиіс *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2010 жылдың 29 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген)*.

**5 бап.**

**Ақшаны қайтару**

1. Сатып алынатын шетел валютасының алдын ала төлемін немесе сатылатын шетел валютасының алдын ала жеткізілімін жүзеге асыратын сауда-саттық қатысушысы, тиісті өтінішті беру арқылы, Биржадан ағымдағы шотындағы ақшаны қайтарып алуды талап етуге құқылы.

Сауда-саттыққа қатысушысы өзінің Биржадағы ағымдағы шотында тұрған ақшаларын қайтару туралы өтінішін, осы Ережелердің 4 қосымшасында берілген нысан бойынша береді *(осы абзац Биржа Басқармасының 2010 жылдың 29 қыркүйегіндегі шешімімен енгізілген)*.
2. Биржада сауда-саттық қатысушысының ағымдағы шотындағы ақшаны қайтару туралы өтініш:
  - кемінде екі тұлғаның қолы қойылған және қол қою үлгісі мен мөр баспа таңбасы бар Биржаның құжатына сәйкес сауда-саттық қатысушысының мөрімен бекітілген хат немесе көшірме хабарлама арқылы;
  - сауда-саттық қатысушысы трейдерінің жазбаша өтініші арқылы, оның мұндай өтініштерді трейдерлер тізіміне сәйкес беруге уәкілетті шартымен рәсімделуі мүмкін.
3. Биржада сауда-саттық қатысушысының ағымдағы шотындағы ақшаны қайтару туралы өтініш Сауда-саттық қатысушысының Биржа алдындағы міндеттемелерінен тыс көлемде орындалуы тиіс.
4. Сауда-саттық қатысушысы трейдерінің жазбаша өтініші бойынша сауда-саттық қатысушысының Биржада ағымдағы шотындағы ақшасын қайтару осы сауда-саттық қатысушысының банктік шотына аудару арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.
5. Сауда-саттық қатысушысының Биржадағы ағымдағы шотындағы ақшаны қайтару туралы өтініш Биржаның Есеп айырысу палатасы директорының немесе оның орынбасарының жазбаша рұқсаты болған жағдайда ғана орындалуы тиіс *(осы абзац Биржа Басқармасының 2010 жылдың 29 қыркүйегіндегі шешімімен өзгертілген)*.
6. Сауда-саттық қатысушысының жарамды деп танылған Биржада ағымдағы шотындағы ақшасын қайтару туралы өтінішін орындау мақсатында төлеу тапсырмасын Биржа:
  - 1) аталмыш өтінішті Биржа Алматы уақытымен 16.00-ге дейін қабылдаса – аталмыш өтініш алған күні;
  - 2) аталмыш өтінішті Биржа Алматы уақытымен 16.00-ден кейін қабылдаса – аталмыш өтінішті алған күннен кейінгі келесі жұмыс күні береді.

*(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2005 жылдың 03 ақпанындағы шешімімен өзгертілген)*.

**II бөлім. САУДА-САТТЫҚ ШОТТАР**

*(Осы бөлім Биржа Басқармасының 2005 жылдың 03 ақпанындағы шешімімен алынып тасталды).*

Президент

Д.Б.Қарасаев

Есеп айырысу  
палатасы жұмысының  
Ережелеріне

**1 қосымша**

*(Осы Қосымша Биржа Басқармасының 2010 жылдың 29 қыркүйегіндегі шешімімен енгізілген).*

Сауда-саттыққа қатысушысы (атауы)	Құжат нөмірі	Құрастырылған күні

**№ шотындағы**

## **ҚАЛДЫҚТАРДЫ САЛЫСТЫРЫП ТЕКСЕРУ АКТІ**

Біз, төменде қол қойғандар:

"Қазақстан қор биржасы" АҚ бір  
тараптан және,

(Сауда-саттыққа қатысушысының  
атауы) екінші тараптан

Осы акті осы күні (Сауда-саттыққа  
қасышусының атауы) "Қазақстан  
қор биржасы" АҚ ағымдағы "№  
(ағымдағы шоттың нөмірі)

шотындағы қалдықтарын ХХХХ  
жылдың 31 желтоқсанындағы  
жағдайы бойынша салыстырып  
тексеру жасадық:

Жазу мәтіні	Есеп-шот валютасы	"Қазақстан қор биржасы" АҚ	Сауда-саттыққа қатысушы (атауы)
		<b>Сوما</b>	<b>Сوما</b>
ХХХХ жылдың 31 желтоқсанындағы сальдосы			

"Қазақстан қор биржасы" АҚ атынан

Сауда-саттыққа қатысушысы атынан:

Бірінші жетекші

Бірінші жетекші

Бас бухгалтер

Бас бухгалтер

Орындаушы

Орындаушы

М.О.

М.О.

Есеп айырысу  
палатасы жұмысының  
Ережелеріне

**2 қосымша**

*(Осы Қосымша Биржа Басқармасының 2010 жылдың 29 қыркүйегіндегі шешімімен енгізілген).*

( д а т а ) **Ж Ы Л Ы** № " "

**Ө К І М**

"Қазақстан қор  
биржасы" АҚ

Есеп айырысу  
палатасына

Сауда-саттыққа қатысушы

Осы өкіммен біздің № (ақша сомасы есептен шығарылатын сауда-саттыққа қатысушысының қосылқы шотының нөмірі) қосалқы шотымыздағы көлемі (сомасы цифралармен және жазумен) ақша қаражатын біздің № (ақша сомасы аударылатын сауда-саттыққа қатысушысының қосылқы шотының нөмірі) қосалқы шотымызға қайта бөлуіңізді сұраймыз.

Сауда-саттыққа қатысушының атынан  
(лауазымы, тегі, инициалдары):

Қолы тексерілді (Биржаның өкілетті  
қызметкерінің жеке мөртаңбасы),  
күні

Есеп айырысу  
палатасы жұмысының  
Ережелеріне

**3 қосымша**

*(Осы Қосымша Биржа Басқармасының 2010 жылдың 29 қыркүйегіндегі шешімімен енгізілген).*

( д а т а ) **Ж Ы Л Ы** № " "

**Ө К І М**

"Қазақстан қор  
биржасы" АҚ

Есеп айырысу  
палатасына

Сауда-саттыққа қасушысы

Өсы өкіммен біздің ағымдағы KZT/USD/EUR/RUB (Сауда-саттыққа қатысушының қажетті есеп шотын таңдау) шотымызда (сомасы цифралармен және жазумен) көлеміндегі соманы біздің ағымдағы шотымызда қалдыруыңызды сұраймыз.

Сауда-саттыққа қатысушының атынан  
(лауазымы, тегі, инициалдары):

Қолы тексерілді (Биржаның өкілетті  
қызметкерінің жеке мөртаңбасы),  
күні

Есеп айырысу  
палатасы жұмысының  
Ережелеріне  
**4 қосымша**

*(Осы Қосымша Биржа Басқармасының 2010 жылдың 29 қыркүйегіндегі шешімімен енгізілген).*

**Ақшаны қайтару туралы**  
(дата) жылғы № " "

**ӨТІНІШ**

"Қазақстан қор  
биржасы" АҚ  
Есеп айырысу  
палатасына

Сауда-саттыққа қатысушы

Осы өтішімізбен шетел валюталарының (дата) жылғы сауда-саттығына қатысу үшін жасалған (цифралармен және жазумен) көлеміндегі алдын ала төлем/ алдын ала жеткізілім (керегін қалдырыңыз) сомасын/артық аударылған сомасын біздің тұрақты банктік есеп-шоттарымызға қайтаруыңызды сұраймыз.

Сауда-саттыққа қатысушының атынан  
(лауазымы, тегі, инициалдары):

Қолы тексерілді (Биржаның өкілетті  
қызметкерінің жеке мөртаңбасы),  
күні